29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

# АЛАТАУ айғағы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 121 (570) // 3 қараша // сейсенбі // 2026 жыл

ЖАҢА НЫСАН

## АУЫЛ ӨНІМІН ҰСЫНАДЫ



Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

***Қонаев қаласындағы «Айша Сити» базарында «Алмалы өнімдері» павильоны ашылды. Онда жергілікті шаруалар өз өнімдерін тікелей тұтынушыға ұсына алады. Ет, сүт өнімдері, көкөніс пен басқа да азық-түлік түрлерін нарықтағы орташа бағадан 10-15 пайызға төмен сатып алуға болады.***

● Ерзат АСЫЛ

Нысанның ашылу рәсіміне қатысқан облыс әкімі Шыңғыс Әрінов игі істің өңір тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.


«Алматы облысы – ауыл шаруашылығы өндірісі дамыған өңір. Облысымызда егін және мал шаруашылығы өнімдерінің мол көлемі халыққа ұсынылады. Сондықтан біз үшін өнім өндірумен қатар, оны сақтаудың және тұтынушыға тікелей жеткізудің тиімді жүйесін қалыптастыру маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана жариялаған Жолдауында ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен сату жүйесін жетілдіру, логистикалық тізбектерді оңтайландыру және негізсіз делдалдықты жою міндетін жүктеген болатын. Ашылып отырған жаңа павильон – Президент Жолдауында айтылған осы басымдықтармен толық үндеседі», – деді кәсіпкерлерге табыс тілеген Шыңғыс Сайранұлы.

Аймақ басшысының айтуынша, жеке инвестиция есебінен бой көтеріп отырған нысанның ішінде барлық санитарлық және заманауи талаптарға сәйкес келетін 40-қа жуық сауда орны қарастырылған. Бұл шағын және орта бизнесті дамытумен қатар, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту деңгейін арттыруға тікелей ықпал етеді. Павильонның тағы бір маңызды тұсы – жергілікті фермерлер өз өнімдерін делдалсыз, тікелей тұтынушыға ұсына алады.

«Алмалы өнімдері» павильоны өңірдің сауда-логистикалық әлеуетін арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚОНЫСТОЙ

## Үйі бардың күйі бар



***Іле ауданында 15 отбасы баспаналы болды. Өткен батыр ауылында бой көтерген «TUMAR» тұрғын үй кешені жеке инвестор есебінен салынып, тұрғындарға табысталды. Салтанатты рәсімге аудан басшылығы, жобаны іске асырған «Sultanoff park» компаниясының өкілдері және баспана иелері қатысты.***

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Алғашқы болып Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов құттықтау сөз сөйледі.

– Баспана – отбасының берекебірлігі мен тұрақтылығының негізі. Дана халқымызда «Үйі бардың күйі бар» деп бекер айтылмаған. Осы игі іске үлес қосып, тұрғындардың баспаналы болуына мүмкіндік жасаған жеке инвесторға алғыс айтамын. Мұндай бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенемін. Себебі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында 2027 жылды Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жариялады. Бұл құрылыс саласының дамуына, жаңа жобалардың жүзеге асуына және елдімекендердің инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді. Біз де ауданымызда тұрғын үй құрылысын дамытуға және жаңа жобаларды іске асыруға баса назар аударамыз. Ең басты міндет – тұрғындарымызға қолайлы жағдай жасап, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, – деді Қайыржан Серікбайұлы.

«Sultanoffpark» ЖШС құрылтайшысы Әсем Сұлтанова жобаның екі жыл бойы жалғасқанын, сапалы үйді тұрғызу үшін бар күш-жігерді жұмсағандарын айтты. Сондай-ақ пәтер иелерін құттықтап, алдағы уақытта да жайлы баспана салуды жалғастыратындарын жеткізді.

Қоныстойын тойлағандардың бірі – Роза Садықова:

– Бүгін 65 шаршы метр болатын 2 бөлмелі пәтердің иесі атандық. Алматы облысына көшіп келгенімізге 11 жыл болды. Содан бері пәтерден-пәтерге көшіп өмір сүрдік. Бұл сәтті асыға күттік. Кейде мүлде орындалмас арман сияқты көрінетін. Бірақ нақты мақсат қойып, алға ұмтылсаң, қолжетпес ешнәрсе жоқ екеніне көзіміз жетті. Ал үйдің сапасы толығымен көңілімізден шықты, – деді ол.

Бүгінде «TUMAR» тұрғын үй кешені жобасының бірінші кезеңі аяқталып, үш бес қабатты үй пайдалануға берілді. Оның құрамына 103 пәтер мен 2 коммерциялық үй-жай кіреді. Жалпы аумағы – 6,5 мың шаршы метр. Пәтер иелеріне жартылай әрленген күйде тапсырылды. Баспаналарға инженерлік желілер толығымен тартылып, аумақты абаттандыру жұмысы жүргізілген. Қазіргі уақытта тағы да үш тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Бүгінгі таңда жобаға 3,2 миллиард теңге инвестиция салынды.

***Іле ауданы***

МАРАПАТ

***Облыстық әкімдікте Автомобиль көлігі және автожол саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Игі шарада аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосқан сала мамандарының еңбегіне құрмет көрсетілді.***

## Сала мамандары құрметке бөленді




Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев сала қызметкерлерін мерекемен құттықтап, ел экономикасы мен өңірдің өркендеуіне қосқан қомақты үлестерін атап өтті.

«Дамыған жол желісі мен тиімді көлік жүйесі өңірлер арасындағы байланысты нығайтып, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және экономикалық белсенділікті дамытуға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласын дамытуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударып келеді. Осы басымдықтар аясында Алматы облысында автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу, сондай-ақ жолаушылар тасымалының сапасы мен қолжетімділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бұл шаралар өңірдің көлік байланысын жақсартуға, елдімекендердің өзара қатынасын дамытуға және облыстың экономикалық әлеуетін нығайтуға бағытталған. Бүгінде облыстық маңызы бар жолдарда 800 шақырым жол таңбасы жаңартылып, 65 мың шаршы метр жолға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар 480 жол белгісі, 2,5 шақырым темір қоршау және 42 автобус аялдамасы орнатылды. Аудандық деңгейдегі көше-жол желісін дамыту бойынша биыл 142 жоба іске асырылуда. Жобалар аясында жалпы ұзындығы 666 шақырым жолды қамтитын жөндеу жұмысы жоспарланған. Оның ішінде 510,6 шақырымды 2026 жылы аяқтау, ал 155,4 шақырымды 2027 жылға өтпелі жоба ретінде іске асыру көзделген. Жол саласында еңбек ету – үлкен жауапкершілікті, жоғары кәсібилікті және табандылықты талап ететін абыройлы іс. Сіздердің күнделікті еңбектеріңіз өңіріміздің дамуына, тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы қозғалысына және халықтың өмір сапасының артуына тікелей ықпал етеді», – деді Әсет Дүйсебекұлы.


Еңбегімен елеулі болған сала қызметкерлері ҚР Көлік министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын иеленді.

«Бүгінде автожол саласы қарқынды дамып келеді. Соңғы жылдары көптеген оң өзгеріс орын алды. Жаңа технологиялар енгізілуде, заманауи техника мен жабдықтар келіп жатыр, ал сапаны қамтамасыз ету мен бақылау дамудың маңызды бағытына айналды. Күні кеше Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында сапалы жолдар мен заманауи инфрақұрылымының маңызын сөз етті. Осы орайда жол саласы мамандарының алдына зор міндет жүктеді. Автожол саласы, бұл – қауіпсіздік, жайлылық, сапа және тиімділік. Сондықтан біздің еңбегіміз тек халыққа арналуы қажет», – деді әріптестеріне зор жетістік тілеген сала ардагері Балтағұл Айтбаев.

Салтанатты жиын соңы жергілікті өнерпаздардың қатысуымен өткен концерттік бағдарламаға ұласты.


**Ермұрат МҰҚЫРБАЙ**

БҮГІНГІ САНДА:



Ұстаз ізденісі – ұрпақ жеңісі

3-бет



Ғасыр ғұмыр – мәңгілік жыр

4-бет

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

БӘРЕКЕЛДІ!

# Қызметтік көлік табысталды



Суретті түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

***Облысымызда кейінгі жылдары құқық қорғау қызметкерлерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға айрықша көңіл бөлінуде. Облыстық полиция департаментіне 50 қызметтік автокөлік кілтінің табыс етілуі – соның бір дәлелі.***

● Ерзат АСЫЛ

Қонаев қаласының орталық алаңында өткен салтанатты жиынға облыс әкімі Шыңғыс Әрінов қатысып, жергілікті атқарушы органдар мен полиция департаменті арасындағы өзара іс-қимылдың нәтижелі жүзеге асып келе жатқанын атап өтті.

«Мемлекет тарапынан құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға айрықша көңіл бөлініп келеді. Осы бағытта полиция департаментіне және мемлекеттік мекемелерге елімізде шығарылған 50 жаңа қызметтік автокөлік табысталуда. Жаңа көліктеріңіз құтты болсын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында заң мен тәртіп мәселесін мемлекеттің басты қағидаты ретінде белгілеген болатын. Осы жауапты миссияны жүзеге асыруда сіздердің еңбектеріңіз орасан. Өңірімізде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мәселен, облыстың қоғамдық орындарына 11 400 бейнебақылау камералары орнатылып, жедел басқару орталығына қосылды. Бұл өз кезегінде құқықбұзушылықтардың жолын кесуге және жедел әрекет ету мүмкіндік береді. Сонымен қатар полиция қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында алдағы жылы да қолдау жалғасады. Атап айтқанда, жергілікті бюджет есебінен учаскелік және патрульдік полиция қызметіне қосымша 150 штаттық бірлік бөлу көзделген. Осы ретте мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаумен қатар, қолда бар ресурстарды тиімді пайдалану да маңызды. Бюджет қаражаты шектеулі екенін ескере отырып, сеніп тапсырылған мүлікке ұқыптылықпен қарап, жаңа көліктерді тиімді пайдалану қажет. Бұл – әрбір қызметкердің жауапкершілігі. Барлығымыздың мақсатымыз – қауіпсіз орта құрып, қылмыс деңгейін төмендету және тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру», – деген Шыңғыс Сайранұлы полиция қызметкерлерінің еңбегіне сәттілік тіледі.

Жиында облыстық полиция департаментінің бастығы Мейрам Әбікеев те сөз алды. «Бүгінгі іс-шара – құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық әлеуетін нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Полиция қызметінің тиімділігі мен жеделдігін арттыру мақсатында табысталып отырған жаңа қызметтік автокөліктер үшін облыс әкімдігіне және жергілікті атқарушы органдарға толағай алғысымызды білдіреміз. Мемлекет басшысының құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау бағытында полиция қызметкерлерінің сапалы жұмыс істеуіне барлық қажетті жағдай жасалуда. Бүгін табысталып отырған автокөліктер – соның нақты дәлелі», – деді Мейрам Жұмкенұлы.

Су жаңа қызметтік көліктер Қонаев, Алатау қалалары мен Еңбекшіқазақ, Іле, Талғар, Қарасай, Жамбыл, Балқаш, Кеген, Райымбек және Ұйғыр аудандарының полиция бөлімдеріне берілді. Автопарктің жаңартылуы полиция қызметінің тиімділігін арттырып, құқық қорғау органдарының мобильділігін, қылмыстарға жедел әрекет ету мүмкіндігін күшейте түспек.

Таза Қазақстан



# КӨШЕТ КЕЛЕШЕК ҮШІН!

***Қарасай ауданына қарасты Елтай ауылында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы аясында экологиялық акция өтті. Іс-шара «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған білім шаңырағы аумағында ұйымдастырылды. Акцияға «KT&G Kazakhstan» ЖШС басшылығы демеушілік жасады.***

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бұл күні мемлекеттік органдардың, бизнес өкілдерінің, жастардың және ауылдық округтің белсенді тұрғындарының бірлескен күш-жігерінің арқасында жеміс ағаштарының 200 көшеті отырғызылды. Оның ішінде алма, алмұрт, шие және өрік ағаштарының әрқайсысынан 50 түптен егілді. Осылайша, бизнес өкілдері мектеп ұжымына да, барша ауыл тұрғындарына да үлкен сый жасады.

Экологиялық акцияның салтанатты бөлімін Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Бексұлтан Ақылбек ашты. Ол бұл іс-шараның және жалпы «Таза Қазақстан» бағдарламасының айрықша маңызына тоқталып, ауылдық округтің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «KT&G Kazakhstan» компаниясының басшылығына алғыс білдірді. Сондай-ақ компанияның бас директоры әрі зауыт басқарушысы Юн Дэ Бин мырза сөз сөйледі. Ол «KT&G Kazakhstan» компаниясы өзі орналасқан аумақ алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті мойнына алғанын және осы өңірдің өркендеуіне әрдайым қолдан келгенше үлес қосуға дайын екенін атап өтті. Бұдан бөлек, ол компанияның экологиялық қызметіне қысқаша шолу жасады. Оңтүстік Кореяның KT&G корпорациясы мен оның еншілес кәсіпорны – «KT&G Kazakhstan» ЖШС экологиялық жауапкершілік қағидаттарын өз қызметіне белсенді түрде енгізіп отырғаны айтылды. Әсіресе компанияның Семей өңіріндегі жойқын орман өрттерінің зардаптарын жоюға бағытталған Green-Globe Project бастамасына қатысуына ерекше назар аударылды. 2025–2027 жылдар аралығында компания тарапынан көрсетілетін қаржылық және сараптамалық қолдаудың арқасында зардап шеккен орманның 100 гектардан астам аумағын қалпына келтіруге мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар 2026 жылғы мамырда «KT&G Kazakhstan» ұжымы Қарасай ауданының әкімдігімен бірлесіп, сол Елтай ауылдық округіне қарасты Көкөзек ауылында орналасқан компанияның жаңа зауыты айналасындағы санитарлық-қорғау аймағын абаттандыру және көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Сол акция барысында шырша, қарағай, емен, үйеңкі, жөке және шетен секілді қылқанжапырақты және жапырақты ағаштардың 153 көшеті отырғызылды. Ал биылғы қазан айында компания аудан әкімдігімен бірлесіп, тағы бір экологиялық акция өткізді. Бұл жолы жеміс ағаштарының көшеттерін отырғызуға басымдық берілді.

Шараға облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасының өкілі Алина Түсіпбаева да қатысты. Ол мұндай экологиялық бастамалардың маңыздылығын атап өтіп, облыс басшылығының осындай игі істерді әрдайым қолдайтынын жеткізді.

Акция алдын ала ойластырылып, жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Көктемге қарай мектеп аумағы қазан айында отырғызылған жас ағаштардың арқасында жайқалып, көркейе түседі. Осылайша, мемлекеттік органдардың, бизнес өкілдерінің және жергілікті қоғамдастықтың бірлескен еңбегі «Таза Қазақстан» бағдарламасына айтарлықтай үлес қосты.

***Қарасай ауданы***

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ

***Жамбыл ауданында мал басын асылдандырып қана қоймай, өндіріске озық технологияларды батыл енгізіп отырған шаруашылықтар көптеп саналады. Солардың бірі – өңірдегі мал шаруашылығын өркендетіп, берекелі тірлігімен танылған «Мұрынбай» шаруа қожалығы.***

# Шаруасын шалқытқан



● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Қожалықтың тізгінін ұстап отырған тәжірибелі жетекші Серік Нұрымбаевтың бұл салаға келгеніне 20 жылға жуықтаған. Осы уақыт ішінде мал шаруашылығының қыр-сырын жетік меңгерген шаруа бүгінде аудандағы іргелі кәсіпорындардың бірін басқарып отыр. «Мұрынбай» шаруа қожалығында 8 мың бас ұсақ мал, 250 жылқы және 35 түйе түлігі бағылуда. Шаруашылықтың негізгі бағыты – қазақтың биязы жүнді, асыл тұқымды қойын өсіру. Мал басының артуы мен сапасының жақсаруы – жылдар бойы жүйелі жүргізілген селекциялық жұмыстардың нәтижесі. Шаруашылық иелігінде 10 мың гектарға жуық жайылымдық жер бар, бұл төрт түліктің табиғи жолмен бағылып, жайылымды тиімді пайдалануға кең мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының тірегі ғана емес, ауыл тіршілігін түлетудің басты тетігі. Кез келген өндірістің өркендеуі адам капиталына тікелей байланысты. «Мұрынбай» шаруа қожалығы саланың дамуына үлес қосумен қатар ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Бүгінде мұнда тәжірибелі малшылар, еңбекқор механизаторлар мен басқа да мамандар қажырлы еңбек етіп, өз отбасын асырап отыр. Кәсіпорынның берік әлеуметтік жауапкершілігі ауылдың әлеуетін арттырып, жастардың туған жерде қалып еңбек етуіне үлкен септігін тигізуде.

Заман ағымынан қалмауды мақсат тұтқан қожалық төрағасы Серік Нұрымбаев кейінгі жылдары өндіріске цифрлық және инновациялық әдістерді енгізуге ерекше көңіл бөліп келеді. Атап айтқанда, қазіргі таңда шаруашылық 600 гектар алқапқа заманауи су үнемдеу технологиясын енгізу жұмыстарын жүргізуде. Жобаның жалпы құны – 380 млн теңге. Бұл бастама елімізде өзекті болып отырған су ресурстарын үнемді әрі тиімді пайдалануға жол ашады. Ең бастысы – сапалы мал азығы қорын молайтып, қысқы мал азығын дайындаудың сенімді әрі тұрақты негізін қалайды.

Осы жылдар ішінде үлкен істің басы-қасында Серік Жолдасұлының сенімді серігі, зайыбы Анар Абдуллаева қатар жүр. Бүгінде олар үш баланың ардақты ата-анасы, немерелердің сүйікті ата-әжесі атанып отырған жайы бар. Отбасылық жылулық пен еңбекқорлық ұштасқан жерде қашан да береке болатынының айқын дәлелі – осы шаңырақ.

Жамбыл ауданында мал шаруашылығын дамыту, жайылымдық жерді тиімді пайдалану, жем-шөп қорын молайту және ауыл шаруашылығына заманауи технологияларды батыл енгізу ісінде «Мұрынбай» шаруашылығы нәтижелі жұмыс жүргізуде. Еңбегін ел игілігіне арнаған іскер азаматтардың бұл бастамасы өңірдің ғана емес, жалпы саланың дамуына қомақты үлес қосып отыр.

***Жамбыл ауданы***

ЖИЫН

# Отбасы құндылығы дәріптелді

***Райымбек ауданында облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелерінің қатысуымен жиын өтті. Кездесу барысында аудандағы отбасы институтын нығайту, әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыру, гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар сараланып, саладағы өзекті мәселелер мен алдағы міндеттер талқыланды.***



● Ақерке БИЖАН

Отбасы – қоғамның алтын діңгегі, ал оның береке-бірлігі мен тұрақтылығы елдің болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан отбасылық құндылықтарды сақтау, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін қорғау – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, облыстық комиссия мүшелерінің ауданға жасаған жұмыс сапары тәжірибе алмасып, қордаланған мәселелерді ортаға салуға мүмкіндік берді.

Жиынды Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Бауыржан Бақытұлы ашып, отбасы және гендерлік саясат саласындағы жұмыстарды жүйелі жүргізудің, қоғамдағы өзекті мәселелерді бірлесе талқылаудың маңызы зор екеніне тоқталды.

Басқосуда аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Зинура Қасымова өңірде отбасылық және гендерлік саясат бағытында атқарылған жұмыстарды баяндады. Аудандық аналар кеңесінің төрағасы Балжан Омарова отбасы тәрбиесі мен аналардың қоғам өміріндегі орнына қатысты пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ аналар кеңесінің қызметі – ұрпақ тәрбиесіне ықпал ету, ұлттық тәлім-тәрбиені дәріптеу және отбасы құндылықтарын ұлықтау тұрғысынан маңызды қоғамдық бағыттардың бірі екенін атап өтті.

Отбасы институтын нығайту мен гендерлік саясатты дамыту – бір ғана мекеменің емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі. Өйткені әр шаңырақтың тыныштығы мен берекесі қоғамдық тұрақтылықтың негізін қалайды. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар мен ортақ бастамалар қоғамдағы өзара түсіністік пен жауапкершілікті арттыруға қызмет етеді.

***Райымбек ауданы***

**Алматы облыстық мәслихатының депутаттығына тіркелген кандидаттар**
*(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)*

| № р/р | Аты-жөні, тегі | Туған жылы | Жұмыс орны, лауазымы | Тұрғылықты жері |
|---|---|---|---|---|
| **№3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 1. | Шинибаева Анаркул Сериковна | 1975 | **Алатау қаласының Мәдениет үйі**, директор | Қонаев қ. |
| 2. | Калдыбеков Еркин Мухаммедияевич | 1985 | «РСУ-1» ЖШС, менеджер | Алматы қ. |
| 3. | Нұрғиса Нұрсұлтан Ғазизханұлы | 1992 | «РСУ-1» ЖШС, директор | Алматы қ. |

**Зарегистрированные кандидаты в депутаты маслихата Алматинской области**
*(выборы 29* ноября 2026 года*)*

| № п/п | Фамилия, имя, отчество | Год рождения | Место работы, занимаемая должность | Место жительства |
|---|---|---|---|---|
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 3** | | | | |
| 1. | Шинибаева Анаркул Сериковна | 1975 | Дом культуры города Алатау, директор | г.Конаев |
| 2. | Калдыбеков Еркин Мухаммедияевич | 1985 | ТОО «РСУ-1», менеджер | г.Алматы |
| 3. | Нұрғиса Нұрсұлтан Ғазизханұлы | 1992 | ТОО «РСУ-1», директор | г.Алматы |

**Алматы облысының Алатау қаласы мәслихатының депутаттығына тіркелген кандидаттар**
*(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)*

| № р/р | Аты-жөні, тегі | Туған жылы | Жұмыс орны, лауазымы | Тұрғылықты жері |
|---|---|---|---|---|
| **№1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 1. | Айымбек Ерсін Сманұлы | 1994 | Алатау қаласының №13 орта мектебі, педагог ұйымдастырушы | Алматы қ. |
| 2. | Кенесбаева Ляйля Избасаровна | 1982 | Алатау қаласының Отбасын қолдау орталығы, директор | Талғар ауданы, Нұра ауылы |
| 3. | Акжигитов Ардагер Уркенович | 1976 | «Алатау қаласы аппараты» ММ, бөлім бастығы | Алатау қ. |
| **№2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 4. | Абеуова Айдана Арманқызы | 1992 | «Dolce» ЖШС, биолог | Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы |
| 5. | Иманбеков Айдын Макпырулы | 1974 | «AIMED» ЖШС, директор | Алатау қ. |
| 6. | Кылышбаев Ерболат Султанкулович | 1972 | Алатау қаласының №20 орта мектебі, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі | Алатау қ. |
| **№3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 7. | Мусабаева Роза Алтынбековна | 1971 | Жеке кәсіпкер | Алатау қ. |
| 8. | Тулешев Бахтияр Аскарович | 1988 | «Жұмыс» ЖШС, бас директор | Алатау қ. |
| 9. | Боранбаева Дарина Асановна | 1989 | «Time Group construction» ЖШС, бөлім басшысы | Алатау қ. |
| **№4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 10. | Жумашева Фатима Амановна | 1976 | Алатау қаласының №11 орта мектебі, мектеп директоры | Алатау |
| 11. | Атамкулова Ботагоз Ержановна | 1986 | Алатау қаласының №20 орта мектебі директорының орынбасары | Алатау қ. |
| 12. | Меліс Әділет Марғұланұлы | 1996 | Алатау қаласының №10 орта мектебі, математика мұғалімі | Алатау қ. |
| **№5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 13. | Ганибаев Базарбек Жумаханович | 2000 | Алатау қаласының №3 орта мектебі, тарих мұғалімі | Алатау қ. |
| 14. | Ниязалиев Айдар Нурахметович | 1978 | Жеке кәсіпкер | Алатау қ. |
| 15. | Баймуратов Болатбек Демалышевич | 1976 | Алматы локомотив депосы, техник | Алматы қ. |
| **№6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 16. | Асанбаев Ансар Куралбекулы | 1994 | «Batyr GYM» спорт клубы, директор | Алатау қ. |
| 17. | Нурманбаев Жансерик Бейбитович | 1987 | «NZ GROUP» ЖК, директор | Алатау қ. |
| 18. | Аманова Айшат Таштихановна | 1974 | Алатау қаласының ОЖМЖП, химизатор | Алатау қ. |
| **№7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 19. | Тангиев Ибрагим Алиханович | 1991 | «Natbas-Company» ЖШС, бас директор | Алматы қ. |
| 20. | Абдыкаимов Ербулан Кырыкбаевич | 1982 | «Haltman» ЖК, басшысы | Жамбыл ауданы, Қарағарша ауылы |
| 21. | Канал Чингиз Сакенұлы | 1986 | «SK Monolit-Holding» ЖШС, менеджер | Алматы қ. |
| 22. | Шарафутдинов Вильдан Равильевич | 1990 | «Alatau Advence Air Group LTD», маркетинг бөлім басшысы | Алматы қ. |
| **№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 23. | Утешова Дана Муратбаевна | 1987 | «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» КМҚК, тәрбиеші | Алатау қ. |
| 24. | Тұралбек Нұрай Эрнестқызы | 2005 | «Алатау қаласы аппараты» ММ, маман | Талғар ауданы, Талғар қ. |
| 25. | Култанова Джамиля Асановна | 1986 | Алатау қаласының ОЖМЖП, бас дәрігер | Алатау қ. |
| **№9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 26. | Абитов Ерик Азильжанович | 1979 | «Әділет» партиясының Алатау қалалық филиалы, төраға | Алатау қ. |
| 27. | Батырбеков Галымжан Бауыржанович | 1990 | Алатау қаласының №15 орта мектебі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі | Алатау қ. |
| 28. | Тазабекова Жазира Жангалиевна | 1985 | Алатау қаласының №2 орта мектебі, директор орынбасары | Алатау қ. |
| **№10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 29. | Абылғазы Жигер Абылғазыұлы | 1990 | «Інжу-Жібек» ЖШС, директор | Алатау қ. |
| 30. | Даутқан Тоқжан Мейрамбекқызы | 1997 | Алатау қаласының Жастар ресурстық орталығы, басшы | Алатау қ. |
| 31. | Алимханова Жанель Серікқызы | 1998 | Алатау қаласының Дене шынықтыру және спортты дамыту орталығы, әдіскер | Алатау қ. |
| **№11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі** | | | | |
| 32. | Билибаев Айбар Тураровић | 1983 | Алатау қаласының №2 орта мектебі, директор | Алатау қ. |
| 33. | Маукимов Руслан Саулебаевич | 1986 | №19 жалпы білім беретін мектеп, тарих пәнінің мұғалімі | Алатау қ. |
| 34. | Карасаева Камила Султановна | 1970 | Алатау қаласының Мәдениет үйі, кассир | Алатау қ. |

**Зарегистрированные кандидаты в депутаты маслихата города Алатау Алматинской области**
*(выборы 29* ноября 2026 года*)*

| № п/п | Фамилия, имя, отчество | Год рождения | Место работы, занимаемая должность | Место жительства |
|---|---|---|---|---|
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 1** | | | | |
| 1. | Айымбек Ерсін Сманұлы | 1994 | Средняя школа №13 города Алатау, педагог организатор | г.Алматы |
| 2. | Кенесбаева Ляйля Избасаровна | 1982 | Центр поддержки семьи г.Алатау, директор | Талгарский район, с.Нура |
| 3. | Акжигитов Ардагер Уркенович | 1976 | ГУ «Аппарата города Алатау», руководитель отдел | г.Алатау |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 2** | | | | |
| 4. | Абеуова Айдана Арманқызы | 1992 | ТОО «Dolce», биолог | Илийский район, с. Отеген батыр |
| 5. | Иманбеков Айдын Макпырулы | 1974 | ТОО «AIMED» директор | г.Алатау |
| 6. | Кылышбаев Ерболат Султанкулович | 1972 | Средняя школа №20 города Алатау, учитель физического воспитания | г.Алатау |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 3** | | | | |
| 7. | Мусабаева Роза Алтынбековна | 1971 | Индивидуальный предприниматель | г.Алатау |
| | Тулешев Бахтияр Аскарович | 1988 | ТОО «Жұмыс» генеральный директор | г.Алатау |
| 8. | Боранбаева Дарина Асановна | 1989 | ТОО «Time Group construction», рукодитель отдела | г.Алатау |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 4** | | | | |
| 9. | Жумашева Фатима Амановна | 1976 | Средняя школа №11 города Алатау, директор школы | г.Алатау |
| 10. | Атамкулова Ботагоз Ержановна | 1986 | Средняя школа №20 города Алатау, заместитель директора | г.Алатау |
| 11. | Меліс Әділет Марғұланұлы | 1996 | Средняя школа №10 города Алатау, учитель математики | г.Алатау |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 5** | | | | |
| 12. | Ганибаев Базарбек Жумаханович | 2000 | Средняя школа №3 города Алатау, учитель истории | г.Алатау |
| 13. | Ниязалиев Айдар Нурахметович | 1978 | Индивидуальный предприниматель | г.Алатау |
| 14. | Баймуратов Болатбек Демалышевич | 1976 | Алматинское локомотивное депо, техник | г.Алматы |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 6** | | | | |
| 15. | Асанбаев Ансар Куралбекулы | 1994 | Спортивного клуба «Batyr GYM», директор | г.Алатау |
| 16. | Нурманбаев Жансерик Бейбитович | 1987 | **ИП «**NZ GROUP**», директор** | г.Алатау |
| 17. | Аманова Айшат Таштихановна | 1974 | ЦМПСП города Алатау, химизатор | г.Алатау |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 7** | | | | |
| 18. | Тангиев Ибрагим Алиханович | 1991 | ТОО «Natbas-Company», генеральный директор | г.Алматы |
| 19. | Абдыкаимов Ербулан Кырыкбаевич | 1982 | ИП «Haltman», руководитель | Жамбылский район, с.Карагарша |
| 20. | Канал Чингиз Сакенұлы | 1986 | ТОО «SK Monolit-Holding, менеджер | г.Алматы |
| 21. | Шарафутдинов Вильдан Равильевич | 1990 | Alatau Advence Air Group LTD, руководитель отдела маркетинга | г.Алматы |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 8** | | | | |
| 22. | Утешова Дана Муратбаевна | 1987 | КГКП ясли-сад «Балдырган», воспитатель | г.Алатау |
| 23. | Тұралбек Нұрай Эрнестқызы | 2005 | ГУ «Аппарата города Алатау», специалист | Талгарский район, г.Талгар |
| 24. | Култанова Джамиля Асановна | 1986 | ЦМПСП города Алатау, главный врач | г.Алатау |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 9** | | | | |
| 25. | Абитов Ерик Азильжанович | 1979 | Алатауский городской филиал партии «Әділет», председатель | г.Алатау |
| 26. | Батырбеков Галымжан Бауыржанович | 1990 | Средняя школа №15 города Алатау, учитель физического воспитания | г.Алатау |
| 27. | Тазабекова Жазира Жангалиевна | 1985 | Средняя школа №2 города Алатау, заместитель директора | г.Алатау |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 10** | | | | |
| 28. | Абылғазы Жигер Абылғазыұлы | 1990 | ТОО «Інжу-Жібек», директор | г.Алатау |
| 29. | Даутқан Тоқжан Мейрамбекқызы | 1997 | Молодежный ресурсный центр города Алатау, руководитель | г.Алатау |
| 30. | Алимханова Жанель Серікқызы | 1998 | Центр развития физической культуры и спорта города Алатау, методист | г.Алатау |
| **Одномандатный территориальный избирательный округ № 11** | | | | |
| 31. | Билибаев Айбар Тураровић | 1983 | Средняя школа №2 города Алатау, директор | г.Алатау |
| 32. | Маукимов Руслан Саулебаевич | 1986 | Общеобразовательная школа №19, учитель истории | г.Алатау |
| 33. | Карасаева Камила Султановна | 1970 | Дом культуры города Алатау, кассир | г.Алатау |

**ФОРУМ**

# ҰСТАЗ ІЗДЕНІСІ – ҰРПАҚ ЖЕҢІСІ

***Талғар ауданы Тұздыбастау ауылындағы №48 келешек мектебінде «Заманауи білім беру кеңістігі: тәжірибе, инновациялар және болашақ» тақырыбында педагогтердің ауқымды форумы өтті. Іс-шараға жүздеген мұғалім, тәрбиешілер мен оқу орындарының басшылары және білім беру саласындағы сарапшылар қатысты.***



● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ —

Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Диана Онбырбаева, Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Гүлмира Құлсариева, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты филиалының директоры Қайсар Нұрлыбаев, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бір топ оқытушы-профессорлары қатысқан жиынды Талғар ауданы әкімінің орынбасары Айбек Бидаев ашып, құттықтау сөз сөйледі.

– Қазіргі заман білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Цифрлық технологияның дамуы, жасанды интеллектінің кеңінен таралуы және қоғамдағы өзгерістер оқыту мазмұнын жаңартып, педагогтің кәсіби рөлін жаңа деңгейге көтеруде. Біздің міндетіміз – жаңашылдықты қолдау, педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау және әрбір баланың сапалы білім алуына мүмкіндік беру. Бұл ретте білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жетілдірумен қатар, білім сапасына, тәрбие жұмысына, педагогтердің кәсіби өсуіне және балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару қажет. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы білімді, білікті және бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеумен тығыз байланысты. Сондықтан аудан әкімдігі бала тәрбиесі мен сапалы білім беру тек мектептің емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін назардан тыс қалдырмай, білім саласындағы нәтижелі бастамаларға әрқашан қолдау көрсетіп, білім беру ұйымдары және ата-аналар қауымдастығы арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етуде.

Бұл форум жаңа идеялардың туындауына, тиімді тәжірибелердің таралуына және болашаққа бағытталған нақты ұсыныстардың қалыптасуына, сол арқылы ауданымыздың білім беру саласын жаңа белестерге көтереді деп сенемін. Ұстаз мәртебесі әрқашан асқақтап, білімді ұрпақтың болашағы жарқын болсын, – деді ол.

Ал аудандық білім бөлімінің басшысы Айнагүл Үшкемпірова «Заманауи білім беру кеңістігі: Тәжірибе, инновация және болашақ» тақырыбында ауқымды баяндама жасады. Оның айтуынша, бүгінгі таңда аудандағы 49 мемлекеттік мектепте 5052 педагог оқушыларға білім береді. Олардың ішінде 18 педагог-шебер, 173 педагог-сарапшы, 195 педагог-модератор, 55 педагог-зерттеуші, 614 магистр, 15 докторант және 1 ғылым кандидаты бар. Өз қызметін жаңа технологиялармен байланыстырған мұғалімдер жақсы жетістіктерге жетуде.

Мысалы, Өстемір ауылындағы №14 орта мектептің мұғалімі Роза Октябрь – физика және математикадан 3D және STEM-технологиялармен байланысты ғылыми әдістемелер мен инженерлік жобалардың авторы, Талғар қаласы №49 мектептің мұғалімі Бекзат Несіпқұлова – 10-сынып оқушыларына арналған география оқулығының авторы әрі туризм бойынша энциклопедияны құрастырушы. Рысқұлов ауылындағы №16 мектеп педагогы Қайнар Еспембетов – «Алтын түлек» байқауы сарапшылар қоғамдастығының мүшесі, Белбұлақ ауылындағы №32 мектептің сурет және бейнелеу өнері пәні мұғалімі Ғалымжан Сатанбаев – ҚР Сурет академиясы және Еуразиялық дизайнерлер қоғамының мүшесі, информатика пәнінің мұғалімі, STEM-технологиялар саласында жұмыс істейтін жаңа буын педагогы Айнұр Жабаева – 2024 жылдың жыл мұғалімі.

Айнагүл Мұқанқызы бүгінгі жиын жай ғана форум емес, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға, озық тәжірибелер, жаңа идеялармен бөлісуге және болашақтағы ортақ міндеттерді айқындауға болатын маңызды кәсіби алаң екенін атап өтті.

– Қазіргі кезде білім беру жүйесі қоғамның даму қарқынына сай жаңарып, жаңа талаптарға бейімделуде. Цифрландыру, жасанды интеллектінің дамуы, еңбек нарығындағы өзгерістер мен ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданылуы білім беру мазмұнына, оқыту әдістеріне және педагогтің кәсіби рөліне жаңа міндеттер жүктеп отыр. Білім сапасы тек оқушылардың оқу жетістіктерімен ғана өлшенбейді. Ол – функционалдық сауаттылықтың қалыптасуы, сыни ойлау қабілетінің дамуы, алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуі, өз бетінше шешім қабылдауы және қоғамда жауапкершілікпен әрекет етуі. Сондықтан оқу үдерісінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, оқытудың тиімді әдістерін пайдалану, оқу жетістіктерін жүйелі талдау және білімдегі олқылықтардың алдын алу жұмыстары ерекше маңызға ие. Бұл бағытта білім беру ұйымдарының басшыларына, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне және әдістемелік бірлестіктерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Біз әрбір оқушының жетістігін назарда ұстап, оның қабілеті мен қызығушылығын дамытуға бағытталған жүйелі жұмысты жалғастыруымыз қажет. Сонымен қатар білім беру сапасын арттыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан бастап, орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдары арасындағы сабақтастықты нығайту маңызды, – деді ауданның бас мұғалімі.

Оның пікірінше, қазіргі білім беру кеңістігін жаңашылдықсыз елестету мүмкін емес. Инновациялық тәсілдер – тек жаңа технологияларды қолдану емес, ең алдымен оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын жетілдіру, педагогикалық тәжірибені жаңарту және білім алушының оқу үдерісіндегі белсенділігін арттыру. Бүгінгі педагог – бағыт-бағдар беруші, тәлімгер, зерттеуші және оқушының жеке дамуына ықпал ететін тұлға. Осыған байланысты сабақ барысында жобалық оқыту, зерттеушілік жұмыстар, топтық тапсырмалар, саралап оқыту, қалыптастырушы бағалау және цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану өте өзекті. Әсіресе жасанды интеллект құралдарын білім беру үдерісінде орынды қолдану мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Бұл технологиялар оқу материалдарын әзірлеуге, тапсырмаларды оқушының деңгейіне бейімдеуге және педагогтің уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Дегенмен кез келген технология педагогтің кәсіби пайымын, адами қарым-қатынасын және тәрбиелік ықпалын алмастыра алмайды. Сондықтан цифрлық құралдарды қолдануда академиялық адалдықты, дербес деректерді қорғауды, ақпараттың дұрыстығын тексеруді және балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстау, жаңашылдықты мақсат үшін емес, білім сапасын нақты жақсарту үшін пайдалану керек.

Білім беру жүйесінің жетістігі ең алдымен педагогтің кәсіби біліктілігіне, ізденісіне және жаңашылдыққа дайын болуына байланысты. Заман талабына сай педагог үздіксіз білім алып, кәсіби құзыреттерін жетілдіріп, өз тәжірибесін талдап, тиімді әдістерді тәжірибесіне енгізіп отыруы қажет. Осы бағытта педагогтердің біліктілігін арттыру, тәлімгерлік жүйесін дамыту, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету және тәжірибелі ұстаздардың озық тәжірибесін тарату жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру маңызды. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби қауымдастықтарын қалыптастыру, пәндік және пәнаралық ынтымақтастықты дамыту, сабақтарды бірлесіп жоспарлау және өзара сабаққа қатысу тәжірибесін жетілдіру – ортақ нәтижеге жетудің тиімді жолдары. Әрбір білім беру ұйымында педагогтің шығармашылық бастамасына қолдау көрсетіліп, тәжірибе алмасуға және кәсіби ізденіске қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Ұстаздың еңбегін бағалау, оның кәсіби абыройын арттыру және қолайлы еңбек ортасын қалыптастыру да білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

– Білім беру туралы сөз қозғағанда, тәрбиенің маңызын ешқашан естен шығаруға болмайды. Білімді, отаншыл, жауапты, еңбекқор және адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – баршамызға ортақ міндет. Оқу мен тәрбие бір-бірінен ажырамайтын біртұтас үдеріс ретінде жүзеге асырылуы тиіс. Оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды құрметтеу, адалдық, әділдік, өзара сыйластық, еңбекке жауапкершілік және азаматтық белсенділік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше назар аударуымыз керек. Заманауи білім беру кеңістігін қалыптастыру бір күннің немесе бір адамның міндеті емес. Бұл – ортақ мақсатқа жұмылған, үнемі ізденетін және жаңашылдыққа ұмтылатын кәсіби қауымдастықтың бірлескен еңбегінің нәтижесі, – деді Айнагүл Үшкемпірова.

Осы ауқымды баяндамадан соң форум жұмысы әрбір педагог үшін белгіленген практикалық секцияларда жалғасты. Жиынның бірінші тақырыптық блогы уақыт сынынан өткен тәжірибелерді жинақтауға арналды. Пікірталас алаңдары аясында жаңашыл мұғалімдер өздерінің әдістемелік жаңалықтарын ұсынды.

Қорыта айтқанда, «Қазіргі заманғы білім беру кеңістігі: тәжірибе, инновациялар және болашақ» форумы педагогикалық қоғамдастықтың кез келген уақыт сынағына дайын екенін көрсетті.

***Талғар ауданы***

ЖАМБЫЛ – 180

# ҒАСЫР ҒҰМЫР – МӘҢГІЛІК ЖЫР




*Ұлттық кітапханада Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінің Жамбыл ауданындағы меншікті тілшісі, белгілі журналист, жазушы, өлкетанушы Исмаилжан Иминовтің «Айтыс длиною в жизнь» атты кітабының тұсаукесері өтті. Оған белгілі ақын-жазушылар, галымдар, зиялы қауым өкілдері, оқырмандар және қаламгердің жерлестері қатысты.*

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойына арналған еңбекте жыр алыбының ғасырға жуық ғұмыр жолы мен шығармашылық мұрасы кеңінен қамтылған. Автор кітапта Жамбылдың өнер жолындағы алғашқы қадамдарынан бастап халыққа кеңінен танылған кезеңіне дейінгі өмір белестерін баяндайды. Сондай-ақ ақынның ұстазы Сүйінбай Аронұлы, шәкірттері мен замандастары туралы көпшілікке беймәлім деректер бар. Алатаудың баурайындағы өңірдің рухани өмірі қамтылған еңбекте Жамбылдың имам Абдықадыр қари Иминовпен арадағы достығына да ерекше назар аударылған. Кітапқа тарихи құжаттар мен тағылымды тұлғалар туралы очерктер енгізілген. Ұлы ақынның өмірі мен мұрасын тереңірек танытып, өңірдің тарихы мен рухани құндылықтарын дәріптейтін құнды еңбекте ақынның есімі берілген ауданнан шыққан, сол аймақта еңбек етіп, ел құрметіне бөленген азаматтар туралы да жазылған.

Әдеби кешті Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың немересі, суретші, ақын Әуелбек Ысқақ жүргізді. Исмаилжан Иминовтің айтуынша, Жамбыл туралы кітап жазу оның бала күнінен бергі арманы болған. Бұл арманының отбасылық тарихпен де байланысы бар. Ұлы ақын дүниеден өткенде автордың әкесі ауыл имамы ретінде Жамбыл атамыздың жаназасын шығарған. Әкесінен естіген осы оқиға да Исмаилжан Абдықадырұлының Жамбыл мұрасына деген қызығушылығын арттырып, тақырыпты терең зерттеп, ұзақ жыл бойы дерек жинауға жетелеген.

Шараға белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Надежда Лушникова, «Өлке тынысы» ЖШС директоры Ерлан Жұрынбаев, Алматы облыстық «Алатау арайы» және «Огни Алатау» газеттерінің бас редакторлары Қуаныш Тұңғатар мен Забира Сайділдина, Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейінің меңгерушісі Салтанат Тезекбайқызы, «Әділет» партиясы Жамбыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Әділбек Қамбарұлы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, «Простор» журналының бас редакторы Фархат Тамендаров, «Литературный Алматы» альманахының бас редакторы Лариса Лазарева, АлмаU университетінің ректоры Асылбек Қожахметов, филология және философия ғылымдарының докторы Альмира Наурызбаева, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Мұхаметжан Абдуллаев, мемлекет және қоғам қайраткері Марс Баталов қатысып, автордың жаңа кітабына байланысты ізгі тілектер айтылды. Шарада кітап авторына «Өлке тынысы» ЖШС мен «Огни Алатау» газеті ұжымының атынан Алғыс хат тапсырылды.

«Исмаилжан ағамыздың журналистік жолы «Огни Алатау» газетімен тығыз байланысты. Осыдан елу жыл бұрын алғашқы мақалалары жарық көрген газетке ол бүгінде меншікті тілші ретінде туған өлкенің тарихы мен елге еңбегі сіңген азаматтар туралы қалам тербеп келеді. Бұған дейін Шоқан Уәлиханов туралы құнды еңбек жазып, оның тұсаукесері де осы кітапханада өткен болатын. Жамбыл мұрасына арналған бұл кітабының жөні бөлек. Қаламгерге шығармашылық шабыт тілейміз. Туындылары оқырманның ыстық ықыласына бөлене берсін!» – деді «Өлке тынысы» ЖШС директоры Ерлан Жұрынбаев.

Исмаилжан Иминов өзінің жаңа еңбегі туралы: «Мен Жамбыл туралы ақиқатты айтқым келді. Ол XX ғасырда емес, XIX ғасырдың 60-шы жылдарында-ақ ақындығымен елге танылған. Қазақ пен қырғызға ортақ ақын ретінде мойындалды. Ал әлемдік даңқы 1936 жылы асқақтағанымен, халық құрметіне ол сонау XIX ғасырдың 90-шы жылдарында-ақ бөленген», – деді.

Өзінің ғасырлық ғұмырында артына мәңгілік мұра қалдырған Жамбыл есімі әлі талай туындыға арқау болары анық.

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!





**Ардақты Азамат пен Гаухар!**

Мұхамеджановтар әулетіндегі қос қуаныш – Алуаның мектеп табалдырығын алғаш аттаған тілашар тойы мен Алпамыстың бір жасқа толып, тұсауының кесілуі құтты болсын!

Алуаның қадамына құт дарып, білім жолындағы сапары сәтті болсын! Алпамыс тәй-тәй басқан алғашқы қадамынан бастап, өмірдің қызығы мен қуанышын көріп, елінің мақтанышына айналсын! Перзенттеріңнің бақытына кенеліп, әр жетістігіне бірге қуанып, мерейлерің арта берсін. Шаңырақтарыңнан шаттық кетпей, дастарқандарыңнан береке арылмасын!

*Ақ тілекпен арналар жырым менің,*
*Алуам, әліппеден бастадың білім жолын.*
*Арманға Алпамысым жетелейсің,*
*Тәп-тәттім, жұмбақ жатыр тіліңде мың.*

*Нұрға бөлеп жүре бер ғұмыр бағын,*
*Сендермен бар бақыттың шыңындамын,*
*Жүріңдер ортамызды әнге бөлеп,*
*Қадамың құтты болсын, құлындарым!*

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: апасы – Тамара, аға-жеңгесі – Нұрбол мен Меруерт, сіңлілері – Айзере, Тоғжан, Айша.**

БАЙҚАУ

## Үздік мұғалім

***Алматы облыстық білім басқармасына қарасты әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен Қонаев қалалық қазақ орта мектеп-лицейінің гимаратында облыстық «Үздік бастауыш сынып мұғалімі – 2026» байқауы өтті. Мақсаты – мұғалімдердің кәсіби шеберлігін шыңдау, озық тәжірибелері арқылы білім беру сапасын арттыруға үлес қосып жүрген үздік мұғалімдерді анықтау.***




● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Облыстық байқауға аудандық, қалалық іріктеу кезеңінде топ жарған бастауыш сынып мұғалімдері қатысып, кәсіби құзыреттілігін, сабақ беру әдістемесін, шығармашылық ізденісін, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану тәжірибесін, педагогикалық жетістіктері мен кәсіби даму нәтижелерін көрсетті. Қазылар алқасының құрамында облыстық әдістемелік орталық директоры Гүлжихан Иманхатова, орынбасары Гүлина Оразәлі, осы орталықтың мектепке дейінгі және бастауыш білім бөлімінің әдіскері Айғаным Қанапия, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Алматы облысы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы Нұрсәуле Икапқызы, Педагогикалық шеберлік орталығы Алматы қалалық филиалының басшысы Берік Асубаев болды.

Бірінші кезеңде қатысушылардың кәсіби қызметтегі жетістіктерін қамтитын электрондық портфолиосы сарапталды. Бағалау барысында педагогтердің біліктілігін арттыруы, кәсіби байқауларға қатысуы, зерттеу жұмыстарының нәтижелері, әдістемелік әзірлемелері мен жарияланған құралдары ескерілді. Екінші кезеңде белгіленген сыныпта оқу бағдарламасына сәйкес 20 минуттық ықшам сабақ өткізді. Сабақтың күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкестігі, бағалау критерийлері мен үйлесімділігі, сабақ барысында қолданылған белсенді оқыту әдістерінің қойылған мақсаттарға сәйкестігі, қалыптастырушы бағалау құралдарының тиімді қолданылуы, оқу ресурстары мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың орынды пайдаланылуы қазылар алқасының назарынан тыс қалмады. Үшінші кезеңде бақ сынаушылар инновациялық тәжірибесін оқу-әдістемелік тұрғыдан қолдану жолдарын көрсетіп, оқыту тәсілдерінің әдістемелік негіздемесі мен құндылығына, идеялары мен мазмұнының жаңашылдығына, практикалық маңызына, нәтижелерді болжау, тәжірибеге енгізу және тарату мүмкіндігіне тоқталды. Соңғы кезеңде қатысушылар берілген тақырып бойынша 3 минут ішінде аудитория алдында сөйлеу шеберлігін паш етті.

Байқау қорытындысы бойынша Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылдық округіндегі № 1 орта мектеп мұғалімі Мирхан Ысқақова 1-орынды жеңіп алды. Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылының атынан қатысқан Дәметкен Хажғали мен Кеген ауданы Ө. Жаңабаев атындағы орта мектептің намысын қорғаған Әзиза Замкенова екінші орынды өзара бөлісті. Қарасай ауданы Көкөзек ауылындағы жайлы мектептен келген Шынар Мейрамғазықызы, Балқаш ауданы Ақдала орта білім мектебінің қатысушысы Индира Ерік, Талғар ауданы № 43 орта мектебінің ұстазы Ғалия Мұратбаева жүлделі үшінші орынға ие болды.

– Бұл байқау әр сабақтың артында үлкен жауапкершілік пен зор мүмкіндік тұрғанын тағы бір мәрте сезіндірді. Мұғалім болу – мамандық қана емес, ұлт болашағына жол ашатын қасиетті миссия. Сондықтан ұлттық тәрбие мен заманауи білімді ұштастыруға ерекше мән беруіміз керек. Оқу-тәрбие үдерісінде «Адал азамат» құндылықтарын басшылыққа ала отырып, шәкірттерімнің бойында адалдық, еңбекқорлық, отансүйгіштік, жауапкершілік, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыруды басты міндетім санаймын. Уақыт талабына сай жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді орынды пайдалану арқылы оқыту үдерісін жандандыруға ұмтыламын. Ұстаз еңбегінің нәтижесі – тұтас ұжымның қолдауы мен шәкірттің сенімінен туындайтын ортақ жеңіс, – деді облыстың үздік бастауыш сынып мұғалімі атанған Мирхан Абақызы.

***Қонаев қаласы***


БӘРЕКЕЛДІ!

## Қолаға қол жеткізді

***Иордания астанасы Амман қаласында 35-40 жас аралығында еркін күрестен әлем чемпионаты өтті. Ардагерлер арасындағы байрақты бәсекеде жерлесіміз Дәулет Бекқожаев қола жүлдегер атанып, мерейімізді үстем етті.***

Дәулет Сағымбекұлы – Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Шелек ауылының тұрғыны, белгілі кәсіпкер. «Tarte Coffee» кофеханалар желісінің негізін қалаушы әрі «Chicken Express Aport» мейрамханасының франчайзиі. Кәсіпкерлікпен қатар, спортты да өмірінің маңызды бөлігіне айналдырған. Көптеген республикалық марафон мен жеңіл атлетика жарыстарының жеңімпазы мен жүлдегері. Мәселен, Жетісу облысындағы бірінші республикалық марафонда бірінші орынды иеленген. Сондай-ақ «Qazag Marathon Qonaev» және « Sky Speed» жарыстарында жоғары нәтиже көрсеткен. Ардагерлер мен әуесқойлар арасындағы әлемдік деңгейдегі белсенді балуан. Ол 2024 жылы Поречте және 2025 жылы Татабаньяда өткен әлем чемпионатында үздік бестікке енген. Сонымен қатар ол әуесқой футболшы. Әкесі Сағымбек те күреспен айналысқан, бірнеше мектепте мұғалім, директор болып қызмет атқарған.

Міне, Дәулет араға 17 жыл салып, бозкілемге қайта шықты. Бұл уақыт ішінде көп нәрсе өзгергенімен, оның күреске деген құштарлығы сол қалпында екен. Иорданияда өткен әлем чемпионатында 70 келі салмақта тамаша өнер көрсетіп, қолаға қол жеткізді. «Алтынға



талас әлі алда, Сол мақсатқа жету үшін бар мүмкіндікті жасауға тырысамын», – дейді ол.

Әлемдік додадан жүлдегер болып оралған Дәулетті жерлестері зор қуанышпен қарсы алды. Астына ат мінгізіп, құрмет көрсетті. Ел алғысынан үлкен марапат жоқ. Жеңіс-жеңіске ұлассын!

**Анарбек БЕРДІБАЕВ**
***Еңбекшіқазақ ауданы***

1963 жылғы 31 қазанда туған Урпекбаев Орунтай Жуматаевичтың еңбек кітапшасы 2003 жылы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Утеряна трудовая книжка на имя Урпекбаева Орунтая Жуматаевича 31.10.1963 г.р., в 2003 году в связи с утерей считать ее не действительным.

**Газетіміздің келесі саны 7 қараша, сенбі күні шығады**

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС
Директор: Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ
Бас редактор: Қуаныш ТҰҢҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ
Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ
Жауапты хатшы: Шолпан НҰРЖАУОВА
Веб-сайт редакторы: Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Үйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН 8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жаухар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

*Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.*

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
**Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы**

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 2531

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
**Индексі – 64792.**

**Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ**